

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанындағы 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Омарова Балнұр Әділбекқызының «Балалар денсаулығының аймақтық даму бағыты мен оны жақсартудың ғылыми негіздері (Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында)» тақырыбындағы диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының

СТЕНОГРАММАСЫ

Түркістан қаласы

22 желтоқсан 2018 жыл

ХАТТАМА №10

Диссертациялық кеңеске төрағалық етуші – төраға міндетін атқарушы медицина ғылымдарының докторы, профессор Бектұрғанов Рамазан Сейдахметович.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы – медицина ғылымдарының кандидаты Бабаева Кумысай Сабетовна

Диссертациялық кеңестің төрағасы: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері, құрметті әріптестер және қатысушылар! Бүгін диссертациялық кеңестің келесі отырысын өткіземіз. Кеңестің сегіз мүшесінен келу парағына сәйкес сегіз адам қатысып отыр, олардың қатысу саны үштен екісінен кем емес:

Диссертациялық кеңестегі мүшелер саны- 9 адам
Қатысқаны -8 адам.

1) Кеңес төрағасының міндетін атқарушы медицина ғылымдарының докторы, профессор Бектұрғанов Рамазан Сейдахметович, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;

2) Ғылыми хатшы медицина ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Бабаева Кумисай Сабетовна, 14.00.36 – «Аллергология және иммунология»;

3) Булешов Мырзатай Абилядаевич медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;

4) Молдалиев Икилас Сүйндикович медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;

5) Каусова Галина Калиевна медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау», 14.00.06 – «Кардиология»;

6) Курманова Гаухар Медеубаевна медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.36 – «Аллергология және иммунология», 14.00.10 – «Инфекциялық аурулар»

7) Жақсыбергенов Абай Маратович медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;

8) Куатбекова Рабига Абдумусаевна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»; Диссертациялық кеңестің отырысын дәлелді себептермен медицина ғылымдарының докторы, профессор Ташев Ибрагим Акжолович қатыса алмады.

Диссертациялық кеңестің отырысын жүргізу үшін кворум бар. Сондықтан диссертациялық кеңестің жұмысын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанындағы 6D110200- «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша ашық деп жариялаймыз.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Төрағалық етуші: Диссертациялық кеңестің мүшелері! Күн тәртібінде Омарова Балнұр Әділбекқызының 6D110200-«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иелену үшін «Балалар денсаулығының аймақтық даму бағыты мен оны жақсартудың ғылыми негіздері (Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында)» атты тақырыптағы диссертациялық еңбегін қорғау. Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалды.

Ғылыми кеңесшілері:

Булешов Мырзатай Абильдаевич – м.ғ.д., профессор Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; «Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер» кафедрасының профессоры. Қазақстан Республикасы.

Молдалиев Икилас Сүйндікович – м.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; Медицина факультетінің деканы. Қазақстан Республикасы.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:

Гржибовский Андрей Мечиславович -PhD, MD, профессор Солтүстік Мемлекеттік медицина университеті, Архангельск қаласы; Солтүстік - Шығыс Федералдық университеті, Якутск қаласы, Ресей.

Ресми рецензенттер:

1. Сайлаубек Ратбек – медицина ғылымдарының кандидаты, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»; РММ «Шымкент обаға қарсы күрес станция» басшысы.
2. Досыбаев Бақытжан Қырықбайұлы – медицина ғылымдарының кандидаты, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»; Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Интернатура және жұмысқа орналастыру бөлімінің меңгерушісі.

Төрағалық етуші: Ізденушінің жеке іс құжаттарын жариялауы үшін диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы Бабаева Кумисай Сабетовнаға сөз беріледі.

Аса құрметті Диссертациялық кеңестің төрағасы! Құрметті диссертация кеңесінің мүшелері!

Омарова Балнұр Әділбекқызының жеке ісінде ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің талап етіп отырған тізіміне сәйкес барлық құжаттары бар. Докторанттың құжаттары дер кезінде тапсырылған. Сондықтан ізденушінің мінездемесін таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Омарова Балнұр Әділбекқызы 1991 жылы дүниеге келген.

2013 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетін «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша бітірді.

2013-2015 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясындағы магистратура бөлімінде 6M110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша білім алып, медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін иеленді.

2013-2014 жылдары «Қазақ тағамтану академиясының» Шымкент филиалында «Дұрыс тамақтану» бойынша ғылыми кеңесші болып жұмыс атқарған. 2013-2017 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясында «Гигиена», «Қоғамдық денсаулық сақтау» кафедраларында және 2016-2018 жылдары Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Профилактикалық медицина» кафедрасында оқытушы қызметін атқарған.

Омарова Б.Ә. 2015-2018 жылдары 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD-докторантурада оқыды.

Алғашқы күннен бастап ол берілген тапсырмаларды дер кезінде, тиянақты орындап, өз ісіне жауапкершілігін, ұқыптылығын көрсетті.

Білім алу мерзімінде диссертациялық еңбектің тақырыбын бекітіп, оқу жоспары бойынша барлық сынақтардан сүрінбей өтіп, диссертация тақырыбы бойынша Норвегия елінің Осло қаласында Норвегия Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау институтында ғылыми тәжірибеден өтті. Өзінің біліктілігін, іс-тәжірибелік мүмкіншіліктерін жоғары екенін айқындады.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Булешов Мырзатай Абилдаевич пен медицина ғылымдарының докторы, профессор Молдалиев Иклас Суйндиковичтің және шетелдік кеңесші Гржибовский Андрей Мечиславовичтің жетекшілігімен «Балалар денсаулығының аймақтық даму бағыты мен оны жақсартудың ғылыми негіздері (Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында)» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысын орындады.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы және ғылыми кеңесшілері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат мәжілісінде бекітілді. Хаттама №3, 10.12.2015ж.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау

комитеті ұсынылған ғылыми баспаларда 4 мақаласы жарық көрді, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда 1 мақаласы жарияланды, отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 5, халықаралық шетелдік ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 2 мақала мен тезис түрінде ғылыми баспаларда жарияланды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 1 оқу құралы әзірленіп, ұсынысқа берілді.

Докторанттың жеке ісінде: кафедраарлық апробациялық кеңес төрағасы, Р.С. Бектұрғановтың қолы қойылған, қоғамдық денсаулық сақтау саласы бойынша апробациялық кеңестің оң шешімі (№1 хаттама, 22.10.2018 ж.) бар. Оң шешімде диссертациялық жұмыстың алға қойған мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, негізгі ұсынылған тұжырымдары, қорытындылары, берілген ұсыныстары көрсетілген. Диссертациялық жұмыс ашық қорғауға ұсынылды.

Ғылыми-техникалық ақпарат ұлттық орталығының анықтамасы берілді, тексеру барысында салыстырмалы нәтижесінде диссертацияның «ҰМҒТСО» қорымен сәйкестігі анықталмады.

Сонымен, ізденуші ісінің құжаттары Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми атақ беру ережелерінің» талаптарына сәйкес.

Назар салып тындағандарыңыз үшін рахмет!

Төрағалық етуші: Ізденушінің жеке іс құжаттары бойынша сұрақтар бар ма?

Кеңес мүшелері: Сұрақтар жоқ

Төрағалық етуші: Диссертацияның негізгі мазмұнын баяндау үшін Омарова Балнұр Әділбекқызына сөз беріледі. Сізге диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұнын баяндау үшін **20 минут** беріледі.

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Диссертациялық жұмыс бойынша негізгі тұжырымдар мен қорытындыларын баяндады (*Баяндама тіркелген*).

Төрағалық етуші: Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері және қатысушылары, ізденуші Омарова Балнұр Әділбекқызы өткізген зерттеуі бойынша негізгі тұжырымдары мен қорытындыларына баяндама жасады, сұрақтарыңыз болса, сөз кезегі сіздерде.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Каусова Галина Калиевна, өтінеміз.

Каусова Г.К.: Құрметті диссертант Балнұр Әділбекқызы!

1. Бірінші сұрағым: Этикалық комитеттен өттіңіз бе?
2. Екінші сұрағым: Қазақстанның ғылымына өз күшіңізбен қандай жаңалық енгіздіңіз?
3. Үшінші сұрағым: Зерттеу нәтижесін қайда және қандай мекемелерге енгіздіңіз?

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Аса құрметті Галина Калиевна сұрақ қойғаныңызға рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз.

Бірінші сұрағыңыз бойынша, иә, біздің зерттеуімізде балалари арасында 171 респондентке сауалнама жүргізілді. Сол сауалнаманы жергілікті (локальный) этикалық комитеттен өткіздік. 2015 жылғы 9а хаттамасынан көшірме бар

Екінші сұрағыңыз бойынша, алғаш рет балалардың денсаулық көрсеткіштерінің қалыптасуына әлеуметтік маңызы зор аурулардың, қоршаған ортасының, тәрбиеленуі мен ата анасының салауатты өмір салтын сақтануының қосатын үлесі басым екендігі бағаланды. Экологиясы қолайсыз немесе жайсыз аймақтарда тұруы, балалар үйінде тәрбиеленуі, отбасылық тұрмыстың нашар болуы, дамушы ағзаның антропометриялық көрсеткіштерінің бала денсаулығына әсері аурушандыққа және мүгедектікке әкелу көрсеткіштері динамикасының артуы анықталды. Озық математикалық және статистикалық әдістерді қолдана отырып, балалар популяциясы денсаулығының жыныстық-жастық, әлеуметтік-топтық ерекшеліктері анықталды. Медициналық ұйымдардағы электрондық деректер базасы негізінде, Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысындағы бүгінгі бала денсаулығына бағалау ұсынылды. Ресми статистика қорытындысы бойынша, балалар денсаулығының ғылыми негізделген талдауы ұсынылды.

Үшінші сұрағыңыз бойынша, ең бірінші диссертациялық жұмыс нәтижелері Түркістан облысы және Шымкент қаласының емханаларында енгіздік және де «Балалардың жасына қарай аурушандық көрсеткішінің қалыптасуы, қатерлі себептері және оларға амбулаторлық-емханалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру» атты оқу құралы дайындалды. Шығаруға рұқсат алынды, бірақ баспаға беріп үлгере алмадық.

Төрағалық етуші: Құрметті Галина Калиевна сұраққа қанағаттандыңыз ба?

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Каусова Г.К.: Ия қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Тағы да қандай сұрақтарыңыз бар?

Медицина ғылымдарының докторы, **Курманова Гаухар Медеубаевна** өтінеміз.

Курманова Г.М.: Балнұр Әділбекқызы, сізге екі сұрағым бар.

Бірінші сұрақ: Көрсетілген алғашқы слайдтарда бейспецификалық созылмалы аурулар туралы түсінік бар, яғни сіз оларды топтарға біріктіргенсіз, оның қандай мағына беретінін айтыңызшы?

Екінші сұрақ: Сіздің слайдта бронх демікпесі, аллергиялық ринит, респираторлы аллегроз, обструктивті бронхит көрсетілген. Осы түсініктердің арасындағы айырмашылықтарды айтып бере аласыз ба? Осы аурулардың ұғымы нені білдіреді. Неге екенін мен түсіндіріп берейін, тіпті жауап беремін, аллергиялық ринит және бронх демікпесі осы екі ауру респираторлы аллегроз болып табылады. Обструктивті бронхитке келер болсақ, қазір ондай диагноз жоқ. Созылмалы бронхит, обструктивті синдром бар, бірақ обструктивті бронхит жоқ. Сондықтан, бұл нені білдіреді? Себебі Сіз Шымкент қаласының экологиясымен байланыстырып отырсыз ғой, солай ма? Міне сондықтан, бұл жерде нақты айту керек, себебі осы жерден профилактикалық шаралар шығады.

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Аса құрметті диссертациялық кеңес мүшесі Гаухар Медеубаевна, сұрағыңызға рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз. Бірінші сұрағыңыз бойынша, бейспецификалық ауруларға тыныс алу

жолдарының аурулары ринит, демікпе және жоғары тыныс жолдарының ауруларын кіргіздік.

Курманова Г.М.: Сіз ол жерде ауыл мен қаланы салыстырып отырсыз ғой?

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Бұл слайдта көрсетілген мәліметте біз балалардың статистикалық көрсеткіштерін алдық. Шымкент қаласының және облыс балаларының денсаулық көрсеткіштерін, соның ішінде тыныс алу жолдарының ауруларын алып, 100 пайыздық өлшемде ең көп кездесетінін анықтадық.

Екінші сұрағыңыз корреляциялық байланыс туралы.

Курманова Г.М.: Жауап бердіңіз, ары қарай айтпай ақ қойыңыз.

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Үшінші сұрағыңыз бойынша, Шымкент қаласын үш экологиялық аумаққа бөлдік. Олар, I Экологиясы қолайсыз аумақ, II Экологиясы қолайсыз аумақ және Экологиясы жайлы аумақ. Экологиясы қолайсыз аумақтардың бірінде мұнай өңдей зауыты бар болса, екіншісінде бұрын қорғасын зауыты болған. Ол жерде, осы мұнай өңдеу зауытының әсерінен тыныс алу жолдарының аурулары, респираторлы аурулар, яғни корреляциялық байланыс күшті екендігі анықталды.

Төрағалық етуші: Құрметті Гаухар Медеубаевна, сұраққа қанағаттандыңыз ба?

Медицина ғылымдарының докторы, Курманова Г.М.: Ия қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Тағыда қандай сұрақтарыңыз бар?
Медицина ғылымдарының докторы, Жақсыбергенов Абай Маратович өтінеміз.

Жақсыбергенов А.М.: Бірінші сұрақ: Осындай, сіздің диссертацияңызға ұқсас жұмыстар жүргізілген бе, соңғы бес жыл ішінде?

Екінші сұрақ: Қазіргі кезде физикалық ауытқулардың ішінде ең көлемдісі артық салмақ, соның ауылдық жерде болсын қалалық жерде болсын кездесуінің айырмашылығын айтып берсеңіз болды.

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Аса құрметті диссертациялық кеңес мүшесі Абай Маратович, сұрағыңызға рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз.

Бірінші сұрақ, иә ұқсас жұмыстар бар. Біздің жұмысымызға ұқсас жұмыстар Қазақстанда, алыс және жақын шетелдерде де зерттелген. Басқа жұмыстарда әр автор балалардың денсаулығына әсер етуші себептерді жеке жеке зерттеген, бірі мектеп жасындағы балалардың денсаулық жағдайын зерттесе, енді бірі салауатты өмір салты және балалардың ата аналарының салауатты өмір сүруіне қарай, балаларының денсаулығы туралы қаншалықты ақпараттандырылғаны туралы жүргізілген. Біздің жұмысымыздың ерекшелігі, кешенді зерттеу жүргізілді, балалардың денсаулығы туралы бірнеше себептердің әсері анықталды.

Екінші сұрақ, Қазіргі таңда дене салмағының артықтығы тек біздің ғана емес жаһандық мәселеге айналған. Соның ішінде ауылдық және қалалық балалардың арасындағы айырмашылық аз ғана. Ол таңдаманың көп болуымен

көрінді. Яғни зерттеуге n=1498 баланың алынуы, осы қалалық балалардағы дене салмағының артықтығы көрінді.

Төрағалық етуші: Құрметті Абай Маратович, қанағаттандыңызба сұраққа?

Медицина ғылымның докторы, профессор Жақсыбергенов А.М.: Ия қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Тағыда қандай сұрақтарыңыз бар?
Медицина ғылымдарының докторы, профессор **Рабиға Абдмусаевна**, өтінеміз.

Қуатбекова Р.А: Балнұр Әділбекқызы, менде екі сұрақ: біріншісі, селитебтік аумақ дегеніміз не?

Екінші сұрақ: Сіздің жұмысыңыздың тәжірибелік маңызы қандай?

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Құрметті Рабиға Абдмусаевна сұрағыңызға рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз. Бірінші сұрақ бойынша, селитебтік аумақ дегеніміз тұрғын мекен, яғни гигиеналық зерттеуге қолданылатын тұрғын аудан болып табылады. Қала тұрғындарының көп шоғырланған аймағы.

Екінші сұрақ, тәжірибелік маңыздылығы, билік және басқару органдарына, сонымен қатар тәжірибелік денсаулық сақтау және де қызығушылық танытқан мекемелерге облыстық балалар денсаулығы туралы объективті, ғылыми негізделген мәлімет берілді; берілген біздің кешенді зерттеу негізінде өңіріміздегі балалардың денсаулық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған бағдарламаларды жасауға негіз болады. Диссертация нәтижесінде жазылған оқу құралы дәрігерлерге, ізденуші педиатрларға, резиденттерге өз көмегін тигізеді.

Төрағалық етуші: Құрметті Рабиға Абдмусаевна қанағаттандыңызба сұраққа?

Медицина ғылымның докторы, профессор Қуатбекова Р.А.: Ия қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері сұрақтарыңыз барма?

Кеңес мүшелері: Жеткілікті сұрақ қойылды. Сұрақ жоқ.

Төрағалық етуші: Сөз ресми рецензентке медицина ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Интернатура және жұмысқа орналастыру бөлімінің меңгерушісі, Досыбаев Бақытжан Қырықбайұлына беріледі. Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы.

Ресми рецензент м.ғ.к. Бақытжан Қырықбаевич: Құрметті кеңес төрағасы мен кеңес мүшелері бүгінгі тыңдалып отырған 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «Балалар денсаулығының аймақтық даму бағыты мен оны жақсартудың ғылыми негіздері (Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында)» тақырыбындағы Омарова Балнұр Әділбекқызының докторлық диссертациялық жұмысына, нақты мәліметтерге ғана қысқаша тоқталып кетуге рұқсат етсеңіздер.

Төрағалық етуші: Құрметті кеңес мүшелері, қарсы емессіздер ме?

Кеңес мүшелері: Жок, қарсы емеспіз.

Бірінші, диссертациялық жұмыстың маңыздылығына тоқталып өтсем. Балалар денсаулығы халықтың денсаулығы. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы, жұмыс барысында байқасаңыздар, Оңтүстік Қазақстан облысы балалар мен жасөспірімдер халықтың 40%-ға жуығын құрайды, нақты айтатын болсақ 36,9. Келесі статистикалық зерттеу жүргізілген. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өлшемдерімен салыстырған. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы, диссертацияны қорғаған кезде, оны тексерген кезде менде ешқандай күмән тудырмады. Одан кейін тағы бір мәселелердің бірі халықтың дамуы демографиялық маңызды көрсеткіштердің бірі ол балалардың өсуі, жетілуі, көбеюі, денсаулығы.

Диссертациялық жұмыста кеткен кемшіліктерге тоқталатын болсақ, меніңше диссертацияны жазу барысында қолданылған әдебиет көздері өте ауқымды, әдебиеттер көлемі өте көп, кей деректерді қысқартып, ықшамды жазуға болар еді. Аталған ескерту шартты сипатқа ие емес және ғылыми жұмыстың құндылығын жоймайды, сондықтан жоғары бағаланады. Бұл ескертпе диссертация мазмұнына, маңыздылығына әсер етпейді.

Қорытынды: Жоғарыда дәріптеліп, ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келе отырып, диссертант Омарова Балнұр Әділбекқызы 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Төрағалық етуші: Балнұр Әділбекқызы, сізге ресми рецензентке жауап беру үшін сөз беріледі.

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Құрметті Бақытжан Қырықбайұлы, ұсыныс, пікіріңізге алғысымды білдіремін. Аталған кемшіліктер, яғни басылым, әдебиет тізімінің көп болуы өте ауқымды және оны қысқартуға да болар еді. Біздің зерттеуіміз кешенді болғандықтан, көптеген әдеби көздерін шолуға тура келді. Айтылған ескертуіңіз түзетілді. Рахмет!

Төрағалық етуші: Құрметті Бақытжан Қырықбайұлы, докторанттың жауабына қанағаттандыңызба?

Ресми рецензент, м.ғ.к. Бақытжан Қырықбайұлы: Ия, қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Сөз екінші ресми рецензент – м.ғ.к., Шымкент обаға қарсы күрес станциясының басшысы Ратбек Сайлаубекұлына беріледі.

Медицина ғылымдарының кандидаты Ратбек Сайлаубекұлы:

Армысыздар, құрметті әріптестер! Мен де қысқаша тоқталып өтейін. Диссертант Омарова Балнұр Әділбекқызының еңбегін дұрыс бағалаймын. Оңтүстік Қазақстан облысы ең тұрғындардың көп, жиі орналасқан мекен болып табылады. Соның ішінде балалардың туылу, өлім көрсеткіші жоғары.

Еңбекте осы мәселелер толық қамтылып өткен. Диссертанттың осы мәселелерді анықтау мақсатында ұйымдастырған зерттеу жұмыстары негізгі желі болып табылады. Зерттеуші Омарованың ғылыми жаңалықтары, берілген нәтижелері, қорытындылары жоғары дәрежеде деп есептеуге болады. Диссертанттың осы ұсынылған, алынған мәліметтерін, күтілген нәтижелер, қойылған мақсаттары мен алынған нәтижелері диссертация қорытындыларымен толық сәйкес келеді.

Кемшіліктерге тоқталар болсақ, диссертацияның мазмұны мен безендірілуі талаптарға сай орындалған. Диссертациялық жұмыстың орындалуына байланысты келесі ұсыныстар берілді: мүмкіндігінше көрнекі материалдарды көбейту керек (диаграммалар, гистограммалар, сызбалар және т.б.); жұмысты өзі жазған жарияланымдардың сілтемелермен толықтыру керек; аз мөлшерде орфографиялық және пунктуациялық қателіктер бар.

Алайда, көрсетілген ұсыныстар диссертация тұжырымдарының тұрақтылығы мен ғылыми сипатына әсер етпейді, ол түзетуге келетін кемшіліктер болып саналады.

Диссертант Омарова Балнұр, 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Төрағалық етуші: Балнұр Әділбекқызы, сізге ресми рецензентке жауап беру үшін сөз беріледі.

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Құрметті Ратбек Сайлаубекұлы, сіздің айтылған ұсыныстарыңызды ескере отырып, диссертация жұмысыма сызбалар мен кестелер, 23 суретпен қамтылған диаграммаларды орналастырдық. Айтылған барлық ұсыныстарыңыз ескертілді, түзетілді. Жұмысыма берген ресми рецензияңызға алғысымды білдіремін.

Төрағалық етуші: Ратбек Сайлаубекұлы, докторанттың жауабына қанағаттандыңызба?

Ресми рецензент, м.ғ.к. Ахметов А.Р.: Ия қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Сөз ғылыми кеңесші, медицина ғылымдарының докторы, профессор Молдалиев Икилас Сүйндіковичке өз пікірін баяндау үшін беріледі.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Молдалиев И.С.:

Құрметті төраға! Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері! Докторант Омарова Балнұр Әділбекқызының бүгінгі жұмысы оның маңыздылығын өздеріңіз жақсы көріп отырсыздар. Денсаулық сақтау саласындағы негізгі бағдарламалардың үлкен бір бағыты, балалар денсаулығы, оның ішінде балалар аурушандығын төмендету және балалардың өлім көрсеткішін төмендету болып табылады. Сондықтан бұл жұмыстың маңыздылығын біздің мемлекетіміздің саясатына сәйкес келетіндігі анық. Әрине қойылған сұрақтар болды, ол жұмыстар жүргізілген, бірақ айтқандай, балалар денсаулығына әртүрлі факторлардың әсерін бөлек-бөлек қарастырған. Мысалы, экологиялық, морфо-функционалдық жағдайлар, әлеуметтік әсері. Осы аталған мәселелердің бәрі бүгінгі докторанттың негізгі жұмысында кешенді түрде зерттелді. Соның ішінде экологиялық аймақта тұратын балалардың,

калада тұратын балалар мен ауылда тұратын балалардың арасындағы аурушандық көрсеткіштері, антропогендік, химиялық қолайсыз аймақта тұратын балаларды зерттеу жұмыстары жақсы жүргізілген. Оның ішінде әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасыларда тәрбиеленушілерді кешенді түрде зерттеген. Бүгінде балалардың денсаулығына экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, отбасылық жағдайлардың әсерін кешенді түрде зерттеп, аурушандықты төмендетуге бағытталған алдын-алудың негізгі жұмыстарын ұсынып отыр. Сондықтан докторант Омарова Балнұр Әділбекқызы жұмысының өте маңыздылығының жоғары екендігін атап өтуге болады. Оңтүстік Қазақстан облысы демографиялық тұрғысынан ең жоғарғы көрсеткіштерді көрсетеді, сондықтан да біздің облысымызды зерттеудің маңыздылығын да айта кету керек. Докторант Омарова Балнұр Әділбекқызы 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін және өз тараптарыңыздан колдауды сұраймын. Рахмет!

Төрағалық етуші: Құрметті кеңес мүшелері, пікір оң. Келесі сөз шетелдік ғылыми кеңесші Гржибовский Андрей Мечиславовичтің пікірін баяндау үшін, ғалым хатшы Бабаева Кумысай Сабетовнаға беріледі.

Ғалым хатшы, медицина ғылымдарының кандидаты Бабаева Кумысай Сабетовна: Пікір тіркелген.

Төрағалық етуші: Құрметті кеңес мүшелері, шетелдік ғылыми кеңесші профессор Гржибовский Андрей Мечиславовичтің пікірі оң. Ғылыми кеңесшілерге сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақтар жоқ. Баяндалған пікірлерге байланысты қандай ұсыныстарыңыз болады? Барлық пікірлерді ізденушінің жеке іс құжаттарына тіркеу туралы ұсыныс түсті. Ұсыныс қабылданды. Докторанттың диссертациялық жұмысын талқылауға өтеміз. Сөз талқылау үшін медицина ғылымдарының докторы, профессор Абай Маратовичке беріледі.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Жақсыбергенов А.М.: Құрметті төраға! Құрметті диссертация кеңесінің мүшелері. Қазір ғана тыңдалып өткен Омарова Балнұр Әділбекқызының негізгі жұмысымен таныстық. Жұмыс барысында талдау сұрақтары қойылды. Оның ішінде негізгі, менің қойған сұрағымның бірі қазіргі кезде мемлекет тарапынан да педиатрия саласына аса көңіл бөлініп жатыр. Бұл жұмыс дер кезінде өз сұрағына жауабын тапты деп ойлаймын. Бұл жұмыс 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін, рахмет.

Төрағалық етуші: Рахмет. Шығып сөйлейтіндер бар ма? Онда Балнұр Әділбекқызы, Сізге қорытынды сөз беріледі.

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Аса құрметті диссертация кеңесінің төрағасы және құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері! Бүгінгі менің «Балалар денсаулығының аймақтық даму бағыты мен оны жақсартудың ғылыми

негіздері (Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық баяндамамды тыңдағандарыңызға рахмет. Рецензенттерге, ең алдымен жетекшілерім Булешов Мырзатай Әбілдаұлына, Молдалиев Ықылас Сүйіндікұлына және де шетелдік жетекшім Гржибовский Андрей Мечиславович мырзаларға алғысым шексіз.

Төрағалық етуші: Рахмет. Құрметті кеңес мүшелері, диссертациялық жұмысты талқылау аяқталды. Келесі, біз дауыс беру үшін санақ комиссиясын сайлап алуымыз керек. Ұсыныс түсіп отыр, м.ғ.д. Курманова Гаухар Медеубаевна, м.ғ.д., профессор Қуатбекова Рабиға Абдумусаевна, м.ғ.д., профессор Жақсыбергенов Абай Маратович.

Төрағалық етуші: Санақ комиссиясының аталған құрамына ешкім қарсы емес пе. Дауыс беруге көшейік!

Төрағалық етуші: Кім қарсы? – Жоқ.

Төрағалық етуші: Кім бас тартты? – Жоқ.

Төрағалық етуші: Бір дауыстан санақ комиссиясының құрамы бекітіледі. (Құпия дауыс беру үшін үзіліс жарияланады (5 минут)).

Үзілістен кейін

Төрағалық етуші: Құпия дауыс беру нәтижесін жариялау үшін сөз санақ комиссиясының төрайымы – медицина ғылымдарының докторы, профессор Қуатбекова Рабиға Абдумусаевнаға беріледі.

Санақ комиссиясының төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Қуатбекова Рабиға Абдумусаевна: Диссертациялық кеңес отырысы. Есептеу комиссиясының №7 хаттамасы. Сайланған комиссия құрамы: Қуатбекова Р.А., Жақсыбергенов А.М., Курманова Г.М. Комиссия Омарова Балнұр Әділбекқызының диссертациясы бойынша жасырын дауыс беруді есептеу үшін сайланды. Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін, диссертациялық кеңес құрамына 9 адам бекітілді. Құрамына қосымша шешуші дауыс құқығымен 8 адам енгізілді. Диссертациялық кеңес отырысында 8 кеңес мүшелері, соның ішінде қаралып жатқан диссертация профиліне сәйкес 6 ғылым докторы. 8 бюллетень таратылды, 0 таратылмаған бюллетень қалды, урнаға салынған бюллетень саны 8. Омарова Балнұр Әділбекқызының «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі: «қарсы емес» - 8, «қарсы» - 0, жарамсыз бюллетеньдер – 0. Есептеу комиссиясының төрайымы Қуатбекова Рабиға Абдумусаевна, мүшелері Жақсыбергенов, Курманова.

Төрағалық етуші: Рахмет, құрметті Рабиға Абдумусаевна. Санак комиссиясының хаттамасын ашық дауыс беру арқылы бекіту туралы ұсыныс бар. Дауыс береміз. Осы ұсынысты кім қолдайды? Кім қарсы? - жоқ. Кім қалыс қалды? жоқ. Есеп комиссиясының хаттамасы бірауыздан бекітілді.

Омарова Балнұр Әділбекқызы, Сізді сәтті қорғауыңызбен құттықтай отырып, соңғы қорытынды сөз беріледі.

Ізденуші – Омарова Б.Ә.: Аса құрметті диссертация кеңесінің төрағасы және құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері! Сіздердің берген пікірлеріңіз бен оң шешімдеріңізге рахметімді айтамын. Алдағы уақытта ғылыми еңбек жолымды одан ары қарай жалғастырамын деп сенім білдіремін. Рахмет!

Төрағалық етуші: Рахмет! Құрметті кеңес мүшелері, біздің Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті алдында Сізге қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін берілуіне **ұсыныс береді.** Үлкен рахмет!

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетінің жанындағы 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің төрағасының міндетін атқарушы медицина ғылымдарының докторы, профессор



Р.С. Бектұрғанов

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетінің жанындағы 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы медицина ғылымдарының кандидаты доцент м.а.



К.С. Бабаева қолын

Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
Қастығы